

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ: ӘДІСТЕМЕ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ
ОБРАЗОВАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ: МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ
EDUCATION AND TRAINING: METHODOLOGY, THEORY, TECHNOLOGY

FTAXP 11.15.37
ӘОЖ 32.019.5
JEL D78

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-441-453>

Э.Б. АСЫЛТАЕВА,*¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

*e-mail: e.assyltayeva@turan-edu.kz,

ORCID ID: 0000-0001-8826-7751

Г.Т. УРАНХАЕВА,²

с.ғ.д., профессор.

e-mail: g.uranhayeva@turan-edu.kz,

ORCID ID: 0000-0003-0998-3587

А.А. АЛТЫНБЕК,¹

PhD докторант, сениор-лектор.

e-mail: a.altynbek@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-2035-8141

Т.С. КАРАБЧУК,³

PhD.

e-mail: tkarabchuk@uaeu.ac.ae

ORCID ID: 0000-0001-5794-0421

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Семей медицина университеті,

Семей қ., Қазақстан

³Біріккен Араб Әмірліктері университеті,

Әл-Айн қ., Біріккен Араб Әмірліктері

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ
БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі қоғамда жаһандану мен мәдениетаралық өзара іс-қимылдың белсенді процестері байқалады. Бұл жағдайда жеке және әлеуметтік, этностық, діни және басқа деңгейлердегі бірегейлік мәселесі маңызды. Оның ішінде қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, нығайту мәселесі мемлекеттердің күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Азаматтық бірегейлік құрылымының элементтері әр кезеңде өзгеріске ұшырап отырады және әр мемлекетте өзіндік сипатқа ие болады. Дегенмен де әр кезеңде барлығына ортақ болып азаматтыққа қатысты сезім, мемлекеттің мүшесі болуына оң немесе теріс көзқараста болу, ортақ игілікке бағытталған істер сияқты компоненттер табылады. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға және нығайту сонымен қатар басқа да факторлар әсер ететінін ескерген жөн. Мысалы, тіл, әлеуметтік орта, мәдениет, білім беру жүйесі, БАҚ, отбасы, құқықтық база (заңдар, ережелер және т.б.), мемлекеткегі жағдай, моральдық нормалар және т.б. Олардың әсер ету деңгейі қоғамның ерекшелігіне байланысты. Білім беру жүйесі азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың бір факторы ретінде ғылымда зерттеуді талап етеді. Өйткені, қазіргі заманғы

сын-қатерлер мемлекеттер өмірінің саяси, экономикалық, мәдени және басқа салаларын тұрақсыздандыруға бағытталғанын ескерсек, бұл жағдайда ең қорғалмаған топтардың бірі – жастар екенін естен шығармаған жөн. Мақалада қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға тигізетін әсері қарастылған. Сонымен қатар жоғарғы оқу орындарындағы білім алып отырған жастардың азаматтық бірегейлік сезімдерінің ерекшеліктері анықталған. Адамның жас кезінде әлеуметтену үрдісі тез әрі тиімді өтетінін ескере отырып, азаматтық бірегейліктің қалыптасуын адамның жас кезінен бастау қажеттігін естен шығармаған жөн. Бұл отбасынан кейін бірінші кезекте оқу орындарындағы тәрбие мен қағидаттарды бойға сіндіруден басталады. Осы орайда мақаланың негізгі мақсаты жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру процесінде оқу орындарындағы білім берудің рөлі мен маңыздылығын айқындау болып табылады.

Тірек сөздер: азаматтық бірегейлік, білім беру жүйесі, отансүйгіштік, әлеуметтену, әлеуметтік институттар, идеология, азаматтық жауапкершілік, Отан.

Кіріспе

Қандай да бір қоғамды алмасақ, ондағы адамның әлеуметтену үрдісі, тұлға болып қалыптасуына әсер ететін бірнеше әлеуметтік институттар бар екені мәлім. Ол институттар адамның даму кезеңіне қарай әртүрлі әсер етумен қоса, әр кезеңде өзінің маңыздылығымен сипатталады. Әлеуметтену барысында институттардың бірін аттап өтіп, немесе мүлдем оның әсерінде болмау адамның тұлға болып қалыптасуына кері әсерін тигізе отырып, қоғамда өз орнын анықтауға кедергі келтіреді. Ол әлеуметтік институттар әр адамның кез-келген қоғамдастықтың, топтың, ұжымның мүшесі болып қалыптасуына септігін тигізеді. Азамат өзін бір әлеуметтік топтың мүшесі ретінде танылу сезімі көп жағдайда бірегейлену үрдісімен айқындалады. Бірегейлену ұзақ және күрделі үрдіс. Оның қалыптасуына бірнеше факторлар әсер етеді. Ол көп жағдайда әлеуметтену үрдісінің нәтижесі ретінде қабылданады. Өйткені әлеуметтену үрдісі адамның дүниеге келу кезеңінен басталып, өмірінің соңына дейін созылатын үзіліссіз үрдіс екенін ескерсек, бірегейлік сол үрдістің қорытындысы ретінде есептеледі. Дегенмен бірегейлік әр кезеңде өзгеріске ұшырап отыратынын да естен шығармаған жөн. Мысалы, азамат бір елден басқа елге қоныс аударған жағдайда азаматтық бірегейлігі де бір түрден екінші түрге ауысады. Ол әр кезеңде бір түрде, бір қалыпта болатын құбылыс емес. Азаматтық бірегейлік басқа бірегейлік түрлерімен салыстырғанда кең мағыналы ұғым. Қазіргі таңда оны түсіндіру әр елдегі жүргізіліп отырған ішкі саясатына тікелей байланысты. Дегенмен көп жағдайда азаматтық бірегейлік елдің өткені, бүгіні және болашағына алаңдаушылық білдіре отырып, қоғамның барлық салаларына белсенді қатысу арқылы түсіндіру кең етек алуда. Демек азаматтық бірегейлік деңгейі төмен болған жағдайда қоғамда елдің болашағына немқұрайлы қарайтын азаматтар көбейе түседі. Бұл өз кезегінде мемлекеттің тұрақтылығына, егеменділігіне, жалпы дамуына кері әсерін тигізеді.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі қоғамның негізгі міндеті шығармашыл және белсенді мамандарды тәрбиелеу мен оқыту. Алайда мұндай маманды оның азаматтық бірегейлігінің құндылық өзегін қалыптастырмай дайындау мүмкін еместігін және жеткілікті болмайтынын атап өткен жөн. Сондықтан қазіргі жағдайда азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда білім беру орындарының орны мен рөлін зерттеп, бірегейлікті қалыптастырудың тиімді тетіктерін анықтау өзекті мәселелердің біріне айналуы қажет. Тақырыптың өзектілігі аталмыш мәселенің Қазақстан қоғамында аз зерттелінгендігімен сипатталады.

Азаматтық бірегейлік түсінігінің пәнаралық сипатқа ие екенін ескерсек, бұл ұғымды түсіндіруге бағытталған қазіргі таңда ғылыми әдебиеттер өте көп екенін байқауға болады. Азаматтық бірегейлік саясаттану, әлеуметтану және психология сынды ғылым салаларында жиі зерттеу объектісіне айналды. Зерттеулердің басым бөлігі ұғымды терең зерттеп, оның терминологиялық сипаттарын ашуға тырысқан батыс және Ресей ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапты. Солардың ішінде азаматтық бірегейлікті мазмұнды талқылауға мүмкіндік беретін эмпирикалық әдістердің ішінде «Мен өз елімнің азаматымын» тақырыбындағы студенттік шығармаға контент-талдауды жүргізуді жөн санадық. Ғалымдардың пікірінше, мұндай мазмұнды талдау азаматтық бірегейлік деңгейін диагностикалаудың оңтайлы әдісі

болып табылады, өйткені бұл проективті әдіс психологиялық қорғанысты айналып өтіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың азаматтық дамуының терең белгілері мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді [1]. Зерттеу 2023 жылдың қазан айында жүргізілді.

Заманауи ғалымдардың пікірінше, азаматтық бірегейлікті зерттеу барысында сандық әдістерді ғана пайдаланбай, оларға сапалық немесе аралас әдістерді енгізу қажет [2].

Негізгі ережелер

Қазіргі уақытта азаматтық бірегейлік ғылымда, ең алдымен, елдің мүдделері төңірегіндегі интеграция факторы ретінде қарастырылады, сондықтан оның азаматтардың санасы мен мінез-құлқына ену дәрежесі саяси және рухани шоғырланудың, сондай-ақ қоғамның бірлігінің кепілі ретінде әрекет етеді. Азаматтық сәйкестілік деп біз белгілі бір әлеуметтік-саяси контексте адамның белгілі бір мемлекеттік қауымдастықпен байланысы немесе сәйкестігі туралы саналы процесті түсінеміз. Азаматтық бірегейлік жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтар жүйесін иемдену негізінде көпмәдениетті қоғамның азаматы ретінде жеке тұлғаның интеграциясын, біртұтастығы мен тұтастығын, әлеуметтік көзқарастардың, нормалар мен құндылықтардың алуан түрлілігін есепке алу негізінде оны білдіру еркіндігін қамтамасыз етеді. Сондықтан жастардың азаматтық бірегейлігін дамыту мәселесін шешуге жәрдемдесу, білім беру кеңістігінде азаматтық бірегейлікті дамытудың тиімді технологияларын анықтау, азаматтық бірегейлікті дамыту саласындағы оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру маңызды. Қойылған міндеттерді шешу үшін әртүрлі мемлекеттік және әлеуметтік институттардың күш-жігерін біріктіру өзекті болып көрінеді, ал біздің ойымызша, жетекші рөл білім беру жүйесінде де, азаматтарына бейресми және ақпараттық білім беру арқылы да жүзеге асырылатын азаматтық білімге тиесілі болуы керек.

Әдебиетке шолу

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі әр мемлекеттің, оның ішінде ғалымдардың ерекше назарында. Бұл тақырыпқа арналып әртүрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер және т.б. талқылаулар да ұйымдастырылады. Дегенмен мемлекеттердің ішінде Ресей ғалымдары арасында бұл тақырып көбірек қозғалатынын байқауға болады. Мысалы тұлғаның азаматтық қасиеттерінің қалыптасуы әртүрлі аспектілер тұрғысынан Ресейдің А.Ю. Рыкунова, А.А. Козлов, И.В. Суколенова, И.Г. Томарева сияқты ғалымдары қарастырған [3].

Азаматтық бірегейлік саясаттанудың категориясы ретінде бірқатар еңбектерде зерттелінді. Азаматтық бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін факторлар, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының әсері зерттелінді. Дегенмен біздің жұмысымызда азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда әлеуметтік институт ретінде білім беру жүйесін қарастырғандықтан, азаматтық бірегейлікті әлеуметтану тұрғысынан түсіндіруге бағытталған ғылыми әдебиеттерге назар аударғанды жөн санадық.

Зерттеулердің ішінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда білім беру жүйесінің маңызын көрсетуде Ресей ғалымдары елеулі үлес қосты. Ресей Федерациясы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру барысында кешенді саясат жүргізіп отырғанын байқауға болады. Бұл тұрғыда Ресей ғалымдардың еңбектеріне назар аудармас бұрын, азаматтық бірегейлік ұғымының «Ресей Федерациясының Білім беру туралы» федералды заңында аталғанын атап өткен жөн. Онда азаматтық ресейлік бірегейлікті қалыптастыру (адамның елдің қоғамдық, мәдени өміріне қосылуы) педагогикалық қоғамдастық үшін басты міндет делінген. Ресейлік азаматтық бірегейлік федералды мемлекеттік білім беру стандартымен білім берудің жеке нәтижесі, яғни «көпмәдениетті қоғамдағы ресейлік азаматтық бірегейлікті түсіну қабілеті» ретінде белгіленеді. Ресейдің азаматтық бірегейлігі тек патриотизмді, Отанға, Ресейдің көпұлтты халқының өткені мен бүгініне құрметпен қарауды ғана емес, сонымен бірге оның этностық ерекшелігін, өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін, өз өлкесін, Ресей мен адамзат халықтарының мәдени мұрасының негіздерін білуді, Отан алдындағы жауапкершілік пен парызды тәрбиелеуді қамтиды [4].

Жалпы құндылықтар, патриоттық сана, азаматтық жауапкершілік пен ынтымақтастық, Заңға құрмет, Отан тағдырына қатыстылық негізінде оқушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда тәрбие-білім беру практикасын қолдану заңнамалық актілерде көрініс тапқан және білім берудегі басым бағыттардың бірі болып табылатынын ескерген жөн. Ресей Федерациясы Президентінің «2024 жылға дейінгі Ресей Федерациясын дамытудың ұлттық мақсаттары мен стратегиялық міндеттері туралы» № 204 Жарлығы: «Басым бағыт-оқушыларды сәтті оң әлеуметтендіру модельдерін әзірлеу және жүзеге асыру, балалар мен жасөспірімдердің патриоттық тәрбиесі мен рухани-адамгершілік қалыптасуы, дәстүрлі құндылықтар мен мәдени мұраға тарту негізінде жастардың ресейлік азаматтық бірегейлігін қалыптастыру» деген мақсат қояды.

Сонымен қатар Ресей Федерациясының Білім Министрлігінің «Қазіргі мектептің білім беру кеңістігінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды ақпараттық және әдістемелік қолдау» жобасын мысалға келтірген жөн. Бұл жоба оқушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда мектеп мұғалімдерін жүйелі ақпараттық және әдістемелік қолдау әдістерін әзірлеуге бағытталған. Жобаның мақсаты – Ресей Федерациясында қазіргі мектептің білім беру кеңістігінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды қолдау бойынша іс-шараларды жүзеге асырудың тиімділігін арттыру болып белгіленген. Азаматтық бірегейлікті тек жалпы білім беру жүйесінде, жоғарғы оқу орындарында ғана емес, қоғам өмірінің басқа да салаларында қалыптастыруға бағытталған шараларды байқауға болады. Мысал ретінде, діни университеттерге, медреселер мен мешіттерге арналған «Ресей мұсылмандарының азаматтық бірегейлігі» атты оқулықтың жарық көргенін атауға болады. Бұл мұсылмандардың елде исламдық құндылықтар тұрғысынан өздерін Ресей азаматы ретінде қалай ұстайтынын түсіндіруге арналған кітап ретінде ұсынылған [5]. Азаматтық бірегейлікке арналған пән кейбір ресейлік жоғарғы оқу орындарында оқытылады. Мысалы, «Ұлттық және азаматтық бірегейлік» атты оқу пәні Ресейдің Алтай мемлекеттік университетінің «Дінтану және аймақтану» мамандықтарының студенттеріне арналған оқу бағдарламасына енгізілген [6].

Ресей ғалымдарының ішінде азаматтық бірегейлікті әлеуметтану тұрғысынан түсіндіретін Г.М. Андрееваның пікірінше, қазіргі әлеуметтік шындықтың өзгергіштігі әлеуметтенудің әртүрлі бағыттарына әкеледі. Әлеуметтік өзін-өзі анықтаудың нақты құрылымдалған нормативтік модельдерінің болмауы жастарды жеке құндылықтар мен сәйкестіктер жүйесіне сүйенуге мәжбүр етеді. Бірегейлік дағдарысы сананың ерекше жағдайы ретінде анықталады, онда көптеген әлеуметтік категориялар бұлыңғыр болып көрінеді, құндылықтарын жойылады [7].

Кейбір зертеушілер студенттердің этностық бірегейлігін зерттеуге қатысты еңбектер жариялаған. Олар этностық бірегейлік студенттік жастардың азаматтығын қалыптастырудың қажетті кезеңі болып табылады деп есептейді. Сонымен қатар ол басқа этникалық топтардың өкілдерімен оңай және жылдам қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, жаңа мәдени жағдайларға бейімделуге көмектеседі деген қорытынды жасайды [8].

Ғылыми әдебиетте жоғары сынып оқушыларының азаматтық бірегейлігін зерттеуге бағытталған еңбектер бар. Оларда жастардың азаматтық белсенділігін арттыру үшін орта мектептерде жүзеге асырылатын білім беру жүйесінің әсері бағаланады [9, 10]. Сондай-ақ жастардың санасында азаматтық бірегейліктің қалыптасуына мектептегі бағдарламалардың әсерін анықтау бағытталған зерттеулер аз емес. Соның бірі Түркиядағы орта мектепте тарихты оқыту азаматтық білімге ықпалын анықтауға бағытталған еңбекте азаматтық пен тарихи білім арасындағы байланыс негізінен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталғаны анықталды [11]. Тағы бір зерттеуде Француз оқу бағдарламалары ұлттық құндылықтар, бірегейлік тақырыптарына, әсіресе тарих пен азаматтық білім беруге бағытталғанын көрсетсе, ирландиялық оқу бағдарламалары ұлттық, еуропалық және халықаралық (жаһандық) бірегейлікті қалыптастыруға бағытталғанын көрсетеді [12].

Білім беру орындары ұлттық мемлекеттің құрылыс процесінде балалар мен жастардың азаматтық мәртебесіне байланысты ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын негізгі орындар ретінде қарастырылады [13].

Мақалаларда жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастырудағы білім беру кеңістігінің рөлі талданады. Жастардың қоғамда әлеуметтік-мәдени және саяси интеграциясының тиімді құралы білім беру жүйесі екендігі дәлелденеді. Білім беру стратегиялары мен технологияларын азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мақсаттарына және аймақтық жағдайларға сәйкестендіру қажеттілігі туралы қорытынды жасалады [14].

Қазақстандық ғалымдарға келетін болсақ, білім беру жүйесінің бірегейлікке әсеріне қатысты Г. Мямешева мен К. Киндікбаеваның мақаласын атап өтуге болады. Онда сәйкестік мәселелерін талдау тәжірибесінде азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен көрінуіне бірқатар факторлар әсер етеді деген пікір келтіріледі. Азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың сабақтастығын білім беру жүйесі және әлеуметтенудің басқа институттары қамтамасыз етеді. Жастардың саяси және әлеуметтік интеграциясының тиімді құралы, сондай-ақ білім беру кеңістігі азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады деген қорытынды жасалады [15].

Ғалымдар азаматтық бірегейлікті қалыптастыру елдің табысты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады деп есептейді. Саяси білім азаматқа елдің даму міндеттері мен оларды шешудегі орны туралы түсінік бере алады, адамға азаматтық бірегейліктің құндылығын түсінуге көмектеседі. Саяси білім беру арқылы қолайлы әлеуметтік климат пен қоғамның тұрақты дамуын құру үшін оң азаматтық бірегейлікті мақсатты түрде қалыптастыру жүйесін құруға болады деген пікір білдіреді [16].

Білім беру жүйесінің азаматтық бірегейлікке әсерін зерттеуге бағытталған ғылыми әдебиетке жасалған талдаудың негізінде оқу орындарының мемлекет туралы мақтаныш сезім қалыптастырып толыққанды азамат ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын байқаға болады. Дегенмен де әр мемлекеттік білім беру жүйесі арқылы азаматтық бірегейлікті қалыптастыруының түрлі механизмдері мен түрлерін көруге болады. Кейбіреулері өнер, спорт, тарих арқылы мақтаныш сезімін қалыптастырса, кейбір мемлекеттер азаматтық сананы арттыру арқылы азаматтық бірегейлікті қалыптастырады. Барлығына ортан ол жастардың елдің бүгінгі мен болашағы үшін, мемлекеттің жетістіктерін арттыратын жауапкершілікті түсіне білетін толыққанды азаматты қалыптастыру.

Нәтижелер мен талқылау


Дәл студенттік кезеңде, университетте оқу кезінде көптеген эмоциялар, сезімдер арқылы жас жігіттің рухани-адамгершілік саласы дамиды, студенттердің ғылыми іс-әрекетіндегі сана мен ойлаудың рөлін кеңейту, студенттік қоғамда әлеуметтену және бейімделу дағдыларын игеру, әсіресе оқу мен тәрбиенің ұжымдық формалары арқылы. Дәл осы кезеңде өзін, өз орнын, студенттік ұжымның (топ, курс, институт, университет) өміріндегі және бүкіл елдің өміріндегі рөлін сезінудің басты басымдықтарының біріне айналады, яғни өмірлік және азаматтық ұстаным белсенді түрде дамуда [3].

Қазіргі уақытта жастардың азаматтық бірегейлігін тәрбиелеу мәселесі ерекше өткір тұр. Азаматтықтың қалыптасуы көп жағдайда бақылаусыз, достар мен таныстардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа ақпарат көздерінің пікірінің әсерінен болады. Алайда оның толыққанды жұмыс істеуі мен өркендеуі көбінесе ел тұрғындарының азаматтық бірегейлігінің қаншалықты сауатты қалыптасқанына байланысты. Біздің ойымызша, жеке тұлғаның кәсіби қалыптасу кезеңінде, орта және жоғары оқу орындарында кәсіби дайындық кезеңінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға баса назар аудару өте маңызды.

Зерттеудің негізгі эмпирикалық әдісі ретінде саналған «Мен өз елімнің азаматымын» тақырыбындағы студенттік шығармаға контент-талдау әдісіне келетін болсақ, зерттеуде 1 курста оқитын 180 студент қатысты. Контент-талдау нәтижесінде студенттердің арасында азаматтық бірегейліктің жоғарғы деңгейін байқауға болады. Студенттердің басым бөлігі «Отан – бұл біздің өміріміздегі ең маңызды құндылықтардың бірі» деген қорытынды жасайды.

Мақалада студенттердің шығармалары ғылыми ортада қалыптасқан азаматтық бірегейліктің құрылымдық төрт компоненті тұрғысынан қарастырылды: когнитивті-танымдық, құндылық-семантикалық, эмоциялық және белсенділік деңгейі.

Когнитивті-танымдық компонент белгілі бір қауымдастыққа тиістілік сезімін қамтыса, құндылық-семантикалық қатынас – бұл адамның қалыптасқан көзқарастары, құндылықтары мен дүниетанымдық принциптері негізінде осы тиесілілікке деген көзқарасын білдіреді. Эмоциялық компонент – өз қатыстылығын қабылдау немесе қабылдамауды білдірсе, белсенділік деңгейі – азаматтық белсенділіктің көрінісі, әлеуметтік тәжірибесі бар әртүрлі әлеуметтік тәжірибелерге қатысуы, қоғамдық прогреске бағытталған маңыздылығы мен пайдалылығын көрсетеді [17].



Сурет 1 – Жастардың арасындағы азаматтық бірегейліктің құрылымдық төрт компонентінің пайыздық көрсеткіші

Ескертпе: 2023 жылдың қазан айында авторлармен жүргізілген зерттеу негізінде құрастырылған.

Шығармаға контент-талдау жүргізудің барысында азаматтық бірегейліктің компонентінің пайыздық көрсеткішін анықтау әр компоненттің жиілігі негізінде жүзеге асырылды. Нәтижесінде азаматтық бірегейліктің белсенділік компоненті басымдыққа (41,7%) ие екенін көруге болады, екінші орында құрылымдық-семантикалық (24,7%), когнитивті-танымдық (23,4%) және эмоциялық (10,2%) компоненттің орналасқанын көруге болады.

Белсенділік компоненті. Зерттеу барысында жастардың басым бөлігі елдің азаматы болу оның тағдыры үшін жауапкершілікті сезінумен тығыз байланысты болады деп есептейді. Яғни, әр адам туылғаннан кейін өз елінің азаматы болады, бірақ жай ғана азамат болу, азамат мәртебесіне ие болу сіздің азамат екеніңізді дәлелдемейді деп санайды. Жастардың айтуынша, азамат – өз Отанын сүйетін, құрметтейтін, салт-дәстүрлерді құрметтейтін және оның өркендеуі үшін бәрін жасайтын, өз елінің дамуына қандай да бір үлес қосатын адам. Сонымен қатар ресми түрде азамат мәртебесіне ие болу жеткіліксіз және оған сәйкес болу керек деп санайды. Нағыз азамат-бұл өз қаласын, өз елін өз үйі сияқты қабылдайтын, тазалық пен тәртіпті сақтайтын адам. Тек сөзбен ғана емес, іс жүзінде де жақсы болғанын қалайтын адам деген қорытынды жасайды.

Кесте 1 – Азаматтық бірегейліктің белсенділік компонентінің мазмұнды түсініктері

Мазмұны	Шығармада кездесу жиілігі
Заңды құрметтеу	124
Елдің болашағына жауапкершілік таныту	119
Мемлекет алдындағы міндеттерді орындау	102
Құқық ережелерін сақтау	100
Мемлекеттің дамуына үлес қосу	91
Қоғамдық өмірге белсенді қатысу	71
Сайлауға қатысу	52

Ескертпе: 2023 жылдың қазан айында авторлармен жүргізілген зерттеу негізінде құрастырылған.

Шығармаларға жасалған контент-талдау нәтижесінде мемлекеттің азаматы болу, яғни азаматтықтың бірінші және ең маңызды аспектісі – бұл «заңды құрметтеу» деген жауап ең жиі айтылғаны анықталды. Бұл бірінші орында қоғамның өміріне тиесілі, оның ішінде жолдардағы құқықтық нормаларды, салық міндеттемелерін сақтау және басқа азаматтардың құқықтарын құрметтеуді білдіреді. Заңдарды сақтау тұрақты қоғам құруға ықпал етеді, онда әркім өзін қорғалғандығын сезінеді. Бұл қауіпсіз қоғам құруға ықпал етеді. «Әр азамат өз мемлекетінің заңдарын сақтауы керек. Заңдар қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалған. Заңдарды сақтау әр азаматтың міндеті болып табылады. Тек барлық заңдар сақталған жағдайда ғана біз үйлесімді өмір сүре аламыз» деп есептейді.

Азаматтық елдің болашағына жауапкершілік танытумен тығыз байланысты болады деп есептейтін жастардың саны аз емес. «Мен Қазақстан азаматымын, мен үшін бұл жай ғана қағаздағы мәртебе емес, маңызды және жауапты жағдай. Өз елінің азаматы болу төлқұжат пен белгілі бір аумаққа тиесілі болуды ғана емес, сонымен бірге қоғамға белсенді қатысуды, оның дамуына ықпал етуді және ұлттық мақтаныш рухын сақтауды білдіреді» деп есептейді. Студенттерді пікірінше, әрбір азамат өз елінің өркендеуіне өз үлесін қосуды керек және бұл әртүрлі тәсілдермен жасалуы мүмкін. Мысалы, сайлауға қатысу және халықтың мүддесін білдіретін және елдің әл-ауқатына ұмтылатын лайықты кандидаттарға дауыс беру. Азаматтық жауапкершілік сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, заңдар мен нормаларды құрметтеуді, қоғамдық шараларға қатысуды және мұқтаж адамдарға көмектесуді қамтиды.

Құрылымдық-семантикалық компонент. Азаматтық белгілі бір қауымдастыққа жату сезімі құрылымдық-семантикалық компонентінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жастардың айтуынша, тарихи және мәдени тамырлар отандастарды біріктіреді және бұл байланыс ынтымақтастық сезімін тудырады. Сайып келгенде, азаматтық терең символизмге ие. Азаматтар қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуі елдің болашағы үшін маңызды.

Кесте 2 – Азаматтық бірегейліктің құрылымдық-семантикалық компонентінің мазмұнды түсініктері

Мазмұны	Шығармада кездесу жиілігі
Мемлекеттің азаматы болуы	136
Тарихты білу	125
Қазақстандық	74
Қоғамның бөлігі болу	71
Қауымдастыққа тиістілік сезіну	62
Тәуелсіз мемлекеттің азаматы	55
Ескертпе: 2023 жылдың қазан айында авторлармен жүргізілген зерттеу негізінде құрастырылған.	

Зерттеуге қатысқан жастардың 89% өздерін толыққанды азамат ретінде сезінетіндігін білдірген. Мұнда басты назар аударатын жағдай бұл сезімнің алғаш рет жеке куәлік алған кезде пайда болуы. Студенттердің айтуынша, құжат алғаннан бастап адамдар мемлекетке, азаматтыққа жататындығын түсіне бастайды. Сондай-ақ мемлекет алдында да көбірек құқықтар мен міндеттерге ие болу сезімі пайда болады. Мемлекеттің азаматы болу сонымен қатар басқа шет елге шыққан кезде дами бастайтыны анықталды.

Азаматтық бірегейліктің қалыптасуына тарихтың орны да ерекше екені белгілі. Студенттер жиі Қазақстан азаматы болуды тарихты білумен байланыстырады. Олар Қазақстан азаматы ретінде өздерін мақтана атай алатынын атай отырып, елдің ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін біліп, сақтай жүретіндерін айтқан. Әрбір азамат өз елінің мәдени мұрасын сақтау мен құрметтеуде және оны болашақ ұрпаққа беруде маңызды рөл атқаратынын түсіну маңызды.

Құндылық-семантикалық компонент. Жастардың айтуынша, Қазақстанда әртүрлі этностар, діндер, дәстүрлер көп. Көптеген ұлттық, этникалық, діни мерекелер бар. Мұның бәрін Қазақстан халқы біріктіреді және осының негізінде әр азамат өзін қоғамның бір бөлігі және азаматы ретінде сезінеді.

Кесте 3 – Азаматтық бірегейліктің құндылықты-семантикалық компонентінің мазмұнды түсініктері

Мазмұны	Шығармада кездесу жиілігі
Қоғамның мәдениетін білу	188
Көпұлттылық	115
Азаматтың еркіндігі	92
Елдегі тұрақтылық	18
Ескертпе: 2023 жылдың қазан айында авторлармен жүргізілген зерттеу негізінде құрастырылған.	

Кестеде азаматтық бірегейліктің құндылықты-семантикалық компонентінің жиі кездесетін мазмұнды түсініктері келтірілген. Кестеге көрсетілгендей азаматтылық қоғамның мәдениетін білумен жиі түсіндірілетіні анықталды. «Қазақстанда тек қазақтар ғана емес, жүзден астам ұлт пен ұлыс бір отбасымен өмір сүреді. Әр түрлі тілдерде сөйлейтін, әр түрлі діндерді ұстанатын әр түрлі ұлт өкілдерінің біздің елімізде қалай тату-тәтті өмір сүретініне таң қалуды тоқтатпаймын. «Біз-Қазақстан халқы!». Бұл жер бәріміз үшін туған жер болды» деген ой жиі кездесетінін атап өткен жөн. Мұндай түсінік, жалпы келісімге ұмтылу Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал бейбітшілік – болашақ өркендеудің маңызды шарты. Қазақстандағы халықтар достығы тек бір-бірімен келісіп қана қоймай, қазақ елінің жомарттығы мен қонақжайлылығы айтылады.

Жастар үшін мемлекеттің егеменділігі мен тарихы ерекше маңызға ие. Шығармаларда Қазақстан азаматы болу – бұл жерге, оның халқына және болашағына деген сезімнің болуы сияқты ойлар жиі кездеседі. Онда елдің тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен батырларды құрметтеу қажеттілігі осы ұлы адамдардың мұрасын сақтауға міндеттейді. Халықты біріктіруші фактор ретінде өткен кездегі қиыншылықтарды бірге өткізу аталады. Шығармада «біздің еліміз тәуелсіздік жолында көптеген қиындықтарды жеңді және бүгін біз оның болашағын өзіміз қалыптастырамыз. Біз экономиканың, білімнің, мәдениеттің және басқа да көптеген салалардың дамуына өз үлесімізді қоса аламыз. Біз Қазақстанды әрбір азамат өзін маңызды және қорғалған сезінетін орынға айналдыра аламыз» делінеді.

Эмоциялық компонент. Эмоциялық компонент мемлекетті айтқанда мақтаныш сезімі болуы немесе керісінше мемлекетті қабылдамау сияқты ойларының болуымен сипатталады. Азаматтық бірегейлік эмоциялық сезімдерге негізделеді. Шығармаларда азаматтық мемлекет үшін мақтаныш сезімімен байланыстыру көп кездеседі. Мұнда көбінесе елдің тәуелсіздігімен, оның орналасқан жері, мәдени мұрасының байлығы, әдемі табиғатымен мақтану жиі аталады.

Кесте 4 – Азаматтық бірегейліктің эмоциялық компонентінің мазмұнды түсініктері

Мазмұны	Шығармада кездесу жиілігі
Мемлекет үшін мақтану	96
Елдегі жағдайға алаңдау	77
Мемлекеттің болашағына қатысты сенімділік	37
Мемлекет тарапынан қолдау мен қорғауды сезіну	66
Ескертпе: 2023 жылдың қазан айында авторлармен жүргізілген зерттеу негізінде құрастырылған.	

Студенттер шығармаларын «Қазақстан азаматы екенімді айта отырып, мен өз еліме деген мақтаныш пен сүйіспеншілікті сезінемін» деп бастайды. Дегенменде зерттеуге қатысушылардың 30% Қазақстандағы кейбір кемшіліктер мемлекет үшін мақтаныш сезімді жояды дейді. Мысалы, экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақсыздық, қымбатшылық және қоғам арасындағы теңсіздік, үлкен қалалардағы нашар экология сияқты мәселелер.

Өз мемлекеттің азаматы болу ұғымы бұл оның аумақтық тұтастығының бір бөлігі ғана емес, мұнда туылған немесе құжаттарға негізделі отырып сол елмен бір екендікті растайды. Белгілі бір дәрежеде өз елінің азаматы болу-бұл кең ұғым, ол міндеттермен немесе құқықтармен шектелмейді, сонымен қатар моральдық рухани құндылықтарды қамтиды. Бірегейлік біздің

тамырымызбен, мәдениетімізбен, тілімізбен және дәстүрлерімізбен байланыс орнатады, бұл тиесілілік пен жауапкершілік сезімін тудырады.

Азаматтық елдің болашағын қалыптастыруға қатысу құқығын береді. Сайлауда дауыс беруге, өз еркімізді білдіруге және үкіметті қалыптастыруға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл елдің саяси дамуына әсер етудің маңызды тәсілі. Алайда азамат болу міндеттерді де білдіреді. Біз заңдарды сақтауымыз керек, басқа азаматтардың құқықтарын құрметтеуіміз керек және ортақ құндылықтар мен мүдделер үшін күресуіміз керек. Бұған қоғамдық іс-шараларға қатысу, әлеуметтік және мәдени бастамаларды қолдау, әртүрлілік пен төзімділікті құрметтеу кіреді. Азаматтық сонымен қатар белгілі бір қауымдастыққа жату сезімімен байланысты. Біз тарихи және мәдени тамырларды отандастарымызбен бөлісеміз және бұл өз кезегінде байланыс пен ынтымақтастық сезімін тудырады. Сайып келгенде, азаматтық терең символизмге ие. Бұл жай ғана заңды мәртебе емес, бір қоғамның бөлігі болу, еліміздің болашағы үшін үлес қосу. Азаматтық бірегейлік елдің дамуына және оны бірегей ететін құндылықтарды сақтауға белсенді қатысуға міндеттейді.

Шығармаларда өздерін Қазақстанның азаматы ретінде есептейтін жастар қазақ тілін және елдің тарихын білмейтіндерін жеткізді.

Басты назар аударатын жәйт, студенттердің жауаптарында патриотизм, отансүйгіштік сезім көбінесе білім беру орындарында қалыптасатынын айтқан. Мұнда біздің ойымызша, жалпы білім беретін пәндермен қатар (саясаттану, тарих, әлеуметтану, әдебиет, мәдениеттану, қоғамтану, азаматтық құқық және т.б.) ғана емес, тәрбиелік іс-шаралардың да рөлінің зор.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мектептегі, ЖОО-дағы, бейресми білім беру институттарындағы және өзін-өзі тәрбиелеу қызметіндегі оқу-тәрбие процесі арқылы азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды мақсатты басқару қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады. Бұл ретте жаппай азаматтық білім беруді жетілдіріп, оның нәтижесінде жастар үшін жеке маңызды азаматтық ұстанымды қалыптастыру тиіс [18].

Қорытынды

Қазіргі таңда біздің жастарымыздың арасында белсенді азаматтарды қалыптастыру маңызды мәселеге айналуы қажет. Мұнда жастарды мемлекетке өз үлесін қоса алатын, тың және жаңашыл идеялар ұсына алатын, сайлауға және қоғамдық бастамаларға белсенді қатыса алатын жастарды тәрбиелеу қажет. Оны әлеуметтенудің институттарының бірі білім беру жүйесінен бастаған жөн. Зерттеу нәтижесінде жастар қоғамның мүшесі болуына өзара әрекеттесудің интерактивті алаңдарын ұйымдастыру маңызды деп есептейді. Сонымен қатар жастардың арасында азаматтық бірегейлікті нығайту мақсатында білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде қайта қарастырып, онда отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыруға бағытталған компоненттерді белсенді пайдалану жөн деп есептейміз.

Қорытындылай келе, жоғары оқу орындарды патриоттық тәрбие мен жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін ең қолайлы салаға жатқызуға болады. Әр түрлі формалар мен қызмет түрлерін қолдана отырып, оқу орындары білім алушылардың жеке басының өзін-өзі тануының мәдени кеңістігін кеңейтеді, оларды шығармашылыққа ынталандырады. Жастарды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу процестерінің толыққанды қатысушысы бола отырып, жоғары оқу орындары жастарының азаматтық ұстанымы мен азаматтық бірегейлігін қалыптастыру бойынша әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешуге ықпал ете алады және ықпал етуі тиіс. Сондықтан жеке тұлғаның азаматтық бірегейлігін қалыптастыруды қазіргі заманғы білім беру жүйесінің әлеуетін пайдалану жөн деп есептейміз.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл мақала ҚР Білім және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыру аясында әзірленді (грант AP15473374).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иконникова А.Ю. Контент-анализ в исследовании гражданской идентичности как уровня личной культуры // Психология и педагогика: методика и проблемы практического применения. – 2012. – № 28. – С. 34–38.

2 Hemer K.M., Reason R.D. Student Civic Outcomes in Higher Education // Research on Student Civic Outcomes in Service Learning: Conceptual Frameworks and Methods. 2023, 368 p.

- 3 Мещанова Л.Н., Козинская О.Ю. Формирование гражданской идентичности студентов // Современные наукоемкие технологии. – 2021. – № 4. – С. 189–193.
- 4 Федеральный закон «Об образовании в Российской Федерации» от 29 декабря 2012 года № 273-ФЗ. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31312381 (дата обращения: 13.11.2023)
- 5 В Саратове презентовали учебник «Гражданская идентичность мусульман России». URL: <https://dumrf.ru/regions/64/regnews/19509> (дата обращения: 13.11.2023)
- 6 Дашковский П.К., Шершнёва Е.А. Национальная и гражданская идентичность: рабочая программа учебной дисциплины // Народы и религии евразии. – 2018. – № 16(3). – С. 130–145.
- 7 Андреева Г.М. Психология социального познания / Издание второе, перераб. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 288 с.
- 8 Камаева М.П. Исследование этнической и гражданской идентичности студентов вуза // Этническая культура. – 2022. – № 3. – С. 51–55.
- 9 Бакина А.В., Бакина А.В. Гражданская идентичность старшеклассников // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6. – С. 76–79
- 10 Martini M., Rollero C., Rizzo M., Di Carlo S., De Piccoli N., Fedi A. Educating Youth to Civic Engagement for Social Justice: Evaluation of a Secondary School Project // Behavioral Sciences. 2023, no. 13(8), pp. 650–651.
- 11 Kuş Z., Mert H. Citizenship education through high school history in Turkey // Citizenship, Social and Economics Education. 2023, no. 22(2), pp. 85–99.
- 12 Sautereau A., Faas D. Comparing national identity discourses in history, geography and civic education curricula: The case of France and Ireland // European Educational Research Journal. 2023, no. 22(4), pp. 555–571.
- 13 Sant E. Different approaches to teaching civic and national identity // Who's Afraid of Political Education? Policy Press. 2023, pp. 96–111.
- 14 Хунагов Р.Д., Жаде З.А. Система образования как институт формирования гражданской идентичности молодежи // Власть. – 2015. – № 22(12). – С. 5–9.
- 15 Мямешева Г.Х., Киндикбаева К.К.. Образование как фактор формирования идентичности молодежи // Вестник КазНУ. Серия «Философия, Культурология, Политология». – 2016. – № 2/2(56). – С. 45–47.
- 16 Керимов А.А. Политическое образование как фактор формирования гражданской идентичности // Сборник материалов Всероссийской научной конференции «Индустриальное развитие региона и мира: история и современность». – Екатеринбург: Изд-во УМЦ УПИ, 2019. – С. 64–70.
- 17 Макеев О. Самоопределение и формирование гражданской идентичности личности как задача развития подросткового возраста. URL: https://mokeevo.edu.yar.ru/rip/seminari/27.02.12/grazhdanskaya_identichnost.pdf (дата обращения: 09.11.2023)
- 18 Бугайчук Т.В., Тарханова И.Ю. Роль образования в формировании гражданина // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 3. – С. 51–55.

REFERENCES

- 1 Ikonnikova A.Ju. (2012) Kontent-analiz v issledovanii grazhdanskoj identichnosti kak urovnja lichnoj kul'tury // Psihologija i pedagogika: metodika i problemy praktičeskogo primenenija. No. 28. P. 34–38. (In Russian).
- 2 Hemer K.M., Reason R.D. (2023) Student Civic Outcomes in Higher Education // Research on Student Civic Outcomes in Service Learning: Conceptual Frameworks and Methods, 368 p. (In English).
- 3 Meshhanova L.N., Kozinskaja O.Ju. (2021) Formirovanie grazhdanskoj identichnosti studentov // Sovremennye naukoemkie tehnologii. No. 4. P. 189–193. (In Russian).
- 4 Federal'nyj zakon «Ob obrazovanii v Rossijskoj Federacii» ot 29 dekabrja 2012 goda № 273-FZ. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31312381 (data obrashhenija: 13.11.2023). (In Russian).
- 5 V Saratove prezentovali uchebnik «Grazhdanskaja identichnost' musul'man Rossii». URL: <https://dumrf.ru/regions/64/regnews/19509> (data obrashhenija: 13.11.2023). (In Russian).
- 6 Dashkovskij P.K., Shershnjova E.A. (2018) Nacional'naja i grazhdanskaja identichnost': rabochaja programma uchebnoj discipliny // Narody i religii evrazii. No. 16(3). P. 130–145. (In Russian).
- 7 Andreeva G.M. (2000) Psihologija social'nogo poznanija / Izdanie vtoroje, pererab. i dop. – M.: Aspekt Press, 288 p. (In Russian).
- 8 Kamaeva M.P. (2022) Issledovanie jetniceskoj i grazhdanskoj identichnosti studentov vuza // Jetniceskaja kul'tura. No. 3. P. 51–55. (In Russian).
- 9 Bakina A.V., Bakina A.V. (2014) Grazhdanskaja identichnost' starsheklassnikov // Sovremennye problemy nauki i obrazovanija. No. 6. P. 76–79. (In Russian).

10 Martini M., Rollero C., Rizzo M., Di Carlo S., De Piccoli N., Fedi A. (2023) Educating Youth to Civic Engagement for Social Justice: Evaluation of a Secondary School Project // Behavioral Sciences, no. 13(8), pp. 650–651. (In English).

11 Kuş Z., Mert H. (2023) Citizenship education through high school history in Turkey // Citizenship, Social and Economics Education, no. 22(2), pp. 85–99. (In English).

12 Sautereau A., Faas D. (2023) Comparing national identity discourses in history, geography and civic education curricula: The case of France and Ireland // European Educational Research Journal, no. 22(4), pp. 555–571. (In English).

13 Sant E. (2023) Different approaches to teaching civic and national identity // Who's Afraid of Political Education? Policy Press, pp. 96–111. (In English).

14 Hunagov R.D., Zhade Z.A. (2015) Sistema obrazovanija kak institut formirovanija grazhdanskoj identichnosti molodezhi // Vlast'. No. 22(12). P. 5–9. (In Russian).

15 Mjamesheva G.H., Kindikbaeva K.K. (2016) Obrazovanie kak faktor formirovanija identichnosti molodezhi // Vestnik KazNU. Serija «Filosofija, Kul'turologija, Politologija». No. 2/2(56). P. 45–47. (In Russian).

16 Kerimov A.A. (2019) Politicheskoe obrazovanie kak faktor formirovanija grazhdanskoj identichnosti // Sbornik materialov Vserossijskoj nauchnoj konferencii «Industrial'noe razvitie regiona i mira: istorija i sovremennost'». Ekaterinburg: Izd-vo UMC UPI. P. 64–70. (In Russian).

17 Makeev O. Samoopredelenie i formirovanie grazhdanskoj identichnosti lichnosti kak zadacha razvitija podrostkovogo vozrasta. URL: https://mokeevo.edu.yar.ru/rip/seminari/27.02.12/grazhdanskaya_identichnost.pdf (data obrashhenija: 09.11.2023)/ (In Russian).

18 Bugajchuk T.V., Tarhanova I.Ju. (2014) Rol' obrazovanija v formirovanii grazhdanina // Sovremennye problemy nauki i obrazovanija. No. 3. P. 51–55. (In Russian).

Э.Б. АСЫЛТАЕВА,*¹

PhD, ассоциированный профессор.

*e-mail: e.assyltayeva@turan-edu.kz,

ORCID ID: 0000-0001-8826-7751

Г.Т. УРАНХАЕВА,²

д.полит.н., профессор.

e-mail: g.uranhayeva@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-0998-3587

А.А. АЛТЫНБЕК,¹

PhD докторант, сениор-лектор.

e-mail: a.altynbek@turan-edu.kz

ORCID ID: 0000-0003-2035-8141

Т.С. КАРАБЧУК,³

PhD.

e-mail: tkarabchuk@uaeu.ac.ae

ORCID ID: 0000-0001-5794-0421

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Медицинский университет Семей,

г. Семей, Казахстан

³Университет Объединенных Арабских Эмиратов,

г. Аль-Айн, Объединенные Арабские Эмираты

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В современном обществе наблюдаются активные процессы глобализации и межкультурного взаимодействия. В этом случае важным является вопрос идентичности на личном, социальном, этническом, религиозном и других уровнях. Среди них вопрос формирования, укрепления гражданской идентичности является одним из вопросов, стоящих на повестке дня государств. Элементы структуры гражданской идентичности

претерпевают изменения на каждом этапе и имеют свои особенности в каждом государстве. Однако на каждом этапе общими для всех являются такие компоненты, как чувство гражданства, позитивное или негативное отношение к членству государства, стремление обеспечить общее благо. Необходимо учитывать, что на формирование и укрепление гражданской идентичности также влияют такие факторы, как язык, социальная среда, культура, система образования, СМИ, семья, правовая база (законы, правила и т.д.), ситуация в государстве, моральные нормы и т.д. Степень их влияния зависит от специфики общества. Система образования как один из факторов формирования гражданской идентичности в настоящее время требует изучения. Ведь, учитывая, что современные вызовы направлены на дестабилизацию политической, экономической, культурной и других сфер жизни государств, одной из самых незащищенных групп является молодежь. В статье рассматривается влияние системы образования на формирование гражданской идентичности на современном этапе. Также выявлены особенности формирования гражданской идентичности у молодежи, обучающейся в высших учебных заведениях. Учитывая, что процесс социализации человека в молодом возрасте проходит быстро и эффективно, не стоит забывать о необходимости начинать формирование гражданской идентичности с раннего возраста человека. Это начинается в первую очередь с воспитания и усвоения принципов в учебных заведениях после семьи. В этой связи основной целью статьи является определение роли и значимости образования в учебных заведениях в процессе формирования гражданской идентичности молодежи.

Ключевые слова: гражданская идентичность, система образования, патриотизм, социализация, социальные институты, идеология, гражданская ответственность.

E.B. ASSYLTAJEVA,*¹

PhD, associate professor.

*e.assyltajeva@turandeu.kz

ORCID ID: 0000-0001-8826-7751

G.T. URANHAJEVA,²

d.polit.s., professor.

e-mail: g.uranhajeva@turandeu.kz

ORCID ID: 0000-0003-0998-3587

A.A. ALTYNBEK,¹

PhD candidate, senior lecturer.

ORCID ID: 0000-0003-2035-8141

T.S. KARABCHUK,³

PhD.

e-mail: tkarabchuk@uaeu.ac.ae

ORCID ID: 0000-0001-5794-0421

¹«Turan» university,

Almaty, Qazaqstan

²Semey Medical University,

Semey, Qazaqstan

³United Arab Emirates University,

Al Ain, United Arab Emirates.

FEATURES OF THE CIVIC IDENTITY FORMATION IN THE EDUCATION SYSTEM

Abstract

In modern society, there are active processes of globalization and intercultural interaction. In this case, the issue of identity at personal, social, ethnic, religious and other levels is important. Among them, at the present stage, the issue of the formation and strengthening of civic identity is one of the issues on the agenda of states. Elements of the civil identity structure undergo changes at every stage and have their own characteristics in each state. However, at each stage, components such as a sense of citizenship, a positive or negative attitude towards state membership, and the desire to ensure the common good are common to all. It should be taken into account that the formation and strengthening of civic identity is also influenced by factors such as language, social environment, culture, education system, media, family, legal framework (laws, rules, etc.), the situation in the state, moral norms, etc. The degree of their influence depends on the specifics of society. The education system as one of the factors of the formation of

civic identity currently requires study. After all, given that modern challenges are aimed at destabilizing the political, economic, cultural and other spheres of life of states, one of the most vulnerable groups is the youth. The article examines the influence of the education system on the formation of civic identity at the present stage. The peculiarities of the formation of civic identity among young people studying in higher educational institutions are also revealed. Considering that the process of socialization of a person at a young age takes place quickly and efficiently, one should not forget about the need to begin the formation of a civic identity from an early age of a person. This begins primarily with the upbringing and assimilation of principles in educational institutions after the family. In this regard, the main purpose of the article is to determine the role and importance of education in educational institutions in the process of forming the civic identity of young people.

Key words: civic identity, education system, patriotism, socialization, social institutions, ideology, civic responsibility.